

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Қос дөңгелекті күйме арбаның пайда болуы әлемді қалай өзгертті?

ЖАРИЯЛАНДЫ
07.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/73208/>

Тақырыбы: Қос дөңгелекті күйме арбаның пайда болуы әлемді қалай өзгертті

Сабақ түрі: Аралас

Уақыты: Мұғалім аты-жөні: Г.Т.Сералиева

Сынып:5 сынып Қатысқандар саны: Қатыспағандар:

Сабақ барысында қамтылатын оқу мақсаттары: 5.3.2.1 ежелгі заман тарихындағы мемлекетаралық қатынастарды түсіндіру үшін «империя» ұғымын білу және пайдалану

5.3.2.2 басқыншылық соғыстар мен империялардың пайда болуы мемлекеттердің шекараларын қалай өзгертерткенін түсіндіру

Сабақ мақсаттары: Месопатамия аумағында мемлекеттердің пайда болуы мен дамуын және олардың мемлекетаралық қарым-қатынасын білу

Тілдік мақсаттар: Сабақ барысында оқушылардың төмендегі көрсетілген тілдік құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беріледі:

Тыңдалым -видеоматериал көріп болған соң тәжірибелік тапсырмалар орындау барысында.

Оқылым – тәжірибелік тапсырмалар жасау барысында тарихи деректермен және мәтінмен жұмыс.

Жазылым –тәжірибелік тапсырмалар орындау барысында жазбаша жұмыстар жасау.

Айтылым -топтарда және жұптарда талдау талдау және мұғалімнің сұрақтарына жауап беру барысында.

Бағалау критерийлері Оқушылар:

Месопатамияның экологиялық жағдайы жәнеоның халыққа әсерін сипаттайды

Саргон патшаның мемлекетті басқару ісін сипаттайды

Арбаны пайдаланудың ерекшеліктерін сипаттайды

Пәнаралық байланыстар: Бұл сабақ Месопатамияның табиғи ерекшеліктерін қайталау арқылы география пәнімен, Месопатамия тұрғындарының жаңылықтары мен ашуларын оқу арқылы ғылыми техника саласымен және мемлекетаралық қарым-қатынастарын білу арқылы халықаралық қатынастар саласымен байланысады.

Бастапқы білім: Бұл сабақ Көне Египет тарихы тақырыбымен байланысады. Оқушылар

Мысырлықтардың шарушылығының Ніл өзеніне байланысты екендігі секілді Месопатамиялықтардың да шаруашылығы Ефрат және Тигр өзендеріне байланысты екендігін салыстыра түсінеді.

Пәндік лексика және терминология: Месопатамия, шумерлер, қала-мемлекет, империя (патшалық), әскери науқан, дөңгелек, күйме.

Сөйлеу (жазуға) арналған пайдалы сөйлемдер Саргон патша енгізген ең маңызды ...
Менің ойымша, Месопатамияда күйме

Жоспарланған сабақ кезеңдері Жоспарланған іс-әрекеттер Ресурстар:

Сабақтың басы

2-3 минут

Мұғалім екі жұп суретті кезекпен көрсетіп сұрақ қояды.

1-жұптағы көрініс – жаяу әскер және күймелі әскер көрінісі

Қалай ойлайсыздар, күймелі әскердің артықшылығы неде?

2-жұптағы көрініс — Мысырлықтар мен Месопатамия тұрғындарының ауылшаруашылығы көрінісі

Екі көріністе қандай ұқсастық бар? Екі елдің ауылшаруашылығында қандай байланыс бар? Презентация

Сабақтың ортасы

10-12 минут

5-8 минут

10-15 минут Тарихи дерекпен жұмысты ұйымдастыру.

Оқушылардың бір тобы Геродоттың «Тарих» еңбегінің үзіндісімен жұмыс жасайды. Ал қалған тобы Су тасқыны туралы аңызды оқиды.

Содан кейін оқушылар сұраққа жауап береді.

Геродоттың «Тарих» еңбегі бойынша сұрақтар:

1. Месопатамияның жер ерекшеліктері қандай?
2. Месопатамиялықтар қандай мәдениет жасады?
3. Месопатамиялықтарда қандай білім болды?

Су тасқыны аңызы бойынша сұрақтар:

1. Су тасқыны неден пайда болды?
2. Эа құдайы төніп келе жатқан су тасқынын кімге хабардар етті?
3. «Су тасқыны» сөзі қандай шынайы іс-әрекетті білдіреді.
4. Бұл құжат қос өзен адамдары жайлы қандай мәлімет береді?
5. Бұл аңыздан адамдардың өмірі жайлы қандай мәліметтер білуге болады?
6. Мұнда елдің табиғаты қалай көрініс берді?
7. Сіздің ойыңызша, аңызда қайсысы шындық, қайсысы қиялдан туған?

Үлестірме қағаздар арқылы жұптық немесе топтық жұмыс ұйымдастыру. Мұғалім Саргон

патшаның мемлекетті басқару ісіне қатысты деректер жазылған үлестірме қағаздарды таратады. Төмендегідей бағыттарға бөлуді тапсырады.

Мемлекеттік басқару

Әскери іс-қимылдар

Діни мәселелер

Үлестірме қағаздардағы тапсырмалар арқылы жазылым жұмысын жүргізу.

Тапсырма.

Ежелгі Мысыр, Ежелгі Месопатамия, Ежелгі Парсы секілді мемлекеттерде соғыс күймелерінің пайдаланылуын сипаттап жазыңыз. Үлестірме материал (Қосымша 1)

Үлестірме материал (Қосымша 2)

Үлестірме материал (Қосымша 3)

Сабақтың соңы

2 минут Рефлексия.

Үйге тапсырма:

1. Күйменің пайда болуы мен қолданылуы жайлы бейне материал көру.
2. Ежелгі Месопатамия жайлы жалпы бейне файлдар қарау.

Қосымша ақпарат:

Дифференциация Бағалау Денсаулық және қауіпсіздік

Дифференциация – Анық дифференциация – әртүрлі деңгейлі карточкаларды қолдану

Жасырын дифференциация – мұғалімнің практикалық тапсырманы орындау барысында оқушыларды қолдауы және оқушыларды бір-бірін қолдауы. Бағалау түгел сабақтың барысында оқушыларға кері байланыс беру және дескрипторлар арқылы іске асырылады. Портада отыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау және интерактивті тақтаны пайдалану кезінде іске асырылады.

Рефлексия (сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары шыншыл болды ма? Оқушылар бүгін не ұқты? Сыныптағы атмосфера қандай болды? Мен өткізілген дифференциация іске асты ма? Мерзімге сыйды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды және не себепті? Бұл тарауды сабақты өткізу барысына арнаңыз? Сабақ бойынша сол жақ бағанадағы ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақ барысында

сынып

туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы не білдім,

келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.